

№ 2006
3005 18



НЫҒМЕТ

НҰРМАҚОВ





LIBRARY OF THE UNIVERSITY OF TORONTO

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ
СПОРТ МИНИСТРАҒИ

НЫҒМЕТ

НҰРМАҚОВ

ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ

Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ
ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



НЫҒМЕТ

НҰРМАҚОВ

Мақалалар,
баяндамалар



АЛМАТЫ "АЛАШ" 2005

“Алаш мұрасы” сериясының редакциялық алқасы:

М. Құл-Мұхаммед, С. Қасқабасов, С. Қирабаев,
М. Қойгелдиев, Р. Нұрғалиев, К. Нұрпейіс,
Ғ. Әнес, Д. Әшімханұлы

Құрастырып, өмірбаяны мен түсініктерін жазған:
тарих ғылымдарының кандидаты *С.О. Смағұлова*

Нұрмақов Н.

Н 86 Шығармалар жинағы. — Алматы, “Алаш”, 2005. —
280 бет.

ISBN 9965-669-49-X

Кітапқа ХХ ғасырдың басында өмір сүрген, қоғам қайраткері, қуғын-сүргін құрбаны Нығмет Нұрмақовтың танымдық еңбектері, мақалалары, баяндамалары топтастырылып отыр.

Бұл еңбек тарихшыларға, жоғарғы оқу орындарының студенттеріне, көпшілік оқырман қауымға арналған.

Н $\frac{4702250202}{00(05)-05}$ — 2005

ББК

ISBN 9965-669-49-X

©Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты, 2005
© “Алаш” баспасы, 2005

ҰЛТЖАНДЫ ҚАЙРАТКЕР — НЫҒМЕТ НҰРМАҚОВ

Өткенімізді таразылап, қазақ халқының тарихын қайта жасап жатқан шағымызда ХХ ғасырдың басында мемлекет ісіне араласып, саяси қозғалыстарға қатысқан, алайда 20-жылдардың аяғына қарай қоғамда орныққан тоталитарлық жүйе құрбанына айналған азаматтарымыздың ардақты есімдерін еліміз егемендігін алғаннан кейін жұртшылыққа жеткізу мүмкіндігі туды. Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Халел Досмұхамедов, Жақып Ақбаев, Мұстафа Шоқай, Мұхаметжан Тынышбаев, Тұрар Рысқұлов сынды саяси қайраткерлеріміздің қоғамдық-саяси, шығармашылық қызметтері мен еңбектері толықтай зерттеліп, тарихтан лайықты бағасын алды. Алайда кеңестік жүйе кезеңінен кейін әділдік бағасын алған, бірақ та әлі де болса зерттелінбей жатқан қайраткерлердің қатары көп. Сондай азаматтардың бірі — Нығмет Нұрмақов.

Халқымыздың аяулы перзенттерінің бірі Нығмет Нұрмақов — қазақ халқының экономикалық, әлеуметтік, мәдени өмірінің өркендеуіне елеулі үлес қосқан, тарихта орны айрықша тұлға.

Н. Нұрмақовтың қызмет еткен кезеңі Қазақстанның сол кездегі күрделі тарихымен тұстас келді. Ол ХХ ғ. 20-30 жылдары мемлекеттік-саяси іске белсене араласып, Қазақстан үкіметінің бірінші

басшысы ретінде аса жауапты мемлекеттік және саяси қызметтер атқарады.

Нығмет Нұрмақұлы Нұрмақов 1895 жылы 25 сәуірде Семей губерниясының Қарқаралы уезіндегі Қаратау ауылында орта шаруа отбасында дүниеге келді. Әкесі Нұрмақ бақташылық және аңшылық кәсіппен айналысып Нығмет, Құрманғали, Жәмел, Мапыш, Торғай, Ғайша, Шәкен сынды ұл-қыздарын тәрбиеледі.

Ауылдық бастауыш мектептен сауат ашқан Нығмет Нұрмақов Қарқаралы уезіндегі екі кластық училищеге оқуға түсіп, оны 1911 жылы үздік бітіреді. Бұдан кейінгі оқу жолын Омбыдағы мұғалімдер семинариясында ұластырады. Омбыдағы оқу жолы оның өмір құбылыстарын білуге күштарлығын оятты.

Нығмет Омбыда Ә. Бөкейханов, М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, Ә. Досов және Г. Потанин, А. Сидельников сияқты зиялыларымен танысып, етене араласады. Григорий Потанин Нығметтің еш мұқтажсыз оқуын жақсы бітіруі үшін өз қорынан қаржы бөлген.

Нығмет, Сәкен, Мағжан 1914 жылы қазақ жастарының “Бірлік” ұйымын құрып, сол ұйымның басшыларының бірі болды. “Бірлік” ұйымы жастар арасында мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізу, қазақ тілінде кітаптар шығару сияқты мақсатты көздеді. Бұл ұйымға С. Сейфуллин, М. Жұмабаев, М. Саматов, М. Сейітов, Ш. Әлжанов және тағы басқа қазақ жастары мүше болған. Ұйым мүшелері халық арасында білім алудың маңыздылығын түсіндіріп қана қоймай, патша саясатына қарсы үгіт-насихат жұмыстарын да жүргізді. Ұйым мүшелері Омбыдағы қазақ зиялыларын бағыт-бағдар беруімен қатар қазақ жастары арасында әр түрлі ойын-сауықтар өткізіп отырған.

“Бірлік” ұйымы 1916 жылы “Балапан” атты журнал шығарып, өздерінің көксеген мақсаттарын осы журнал арқылы насихаттап отырады.

1915 жылы Омбы семинариясын бітірген соң Нығмет Қарқаралыға оралып, алғашқы қызметін кезінде өзі оқыған 2 класты училище мұғалімдігінен бастайды. Сөйтіп, 1918 жылға дейін оқу-ағарту ісінің негізін қаласады. Ол жергілікті қазақ жастарына білім ғана беріп қоймай, сонымен қатар елде болып жатқан саяси жағдайларды түсіндіреді. Патша үкіметінің отаршылдық әрекеттеріне қарсы күресуге шақырады. Әсіресе 1916 жылы 25 маусымда шыққан қазақтан майдан жұмыстарына солдат алу туралы патша жарлығына қарсы астыртын үгіт жұмыстарын жүргізеді.

1917 жылғы Ақпан, Қазан революцияларынан кейін Нығмет Нұрмақов қоғам ісіне араласа бастайды. Ол өзін бұқараның қамы үшін қандай ауыр жағдай болса да қайтпайтын табанды күрескер ретінде көрсете білді. Негізінен Нығметтің жеке азамат ретінде тұлғалануы қазақ халқының экономикалық, саяси, мәдени және қоғамдық қатынастарын түбегейлі өзгертуге әкеліп соқтырған революциялық қақтығыстар кезімен сәйкес келді.

Нығмет Қарқаралы уезінде кеңес өкіметін орнатуға белсене кірісіп, халықтың саяси өмірін жаңартуға ат салысты. Атап айтқанда “Дала қоғамы” деп аталған қырғыз (қазақ. — С. С.) депутаттар кеңесін құрды.

1918 жылдың ақпанында Н. Нұрмақов тікелей қатысуымен Қарқаралыда шаруалар мен қазақ депутаттар кеңесі соғыстан қайтқан майдангерлермен бірлесе қызыл әскер отрядын құрып, уездегі өкімшілік билігін басып алады. Одан соң депутаттар кеңесін құрып, Нығмет оның Президиумының мүшелігіне сайланады және хатшылық қызметін атқарады. Жергілікті халық өкілдерін қоғамдық істерге тартуға, Кеңес өкіметіне қарсы контрреволюциялық әрекеттерді жоюда басшылық жасап, казак әскерлерінің зорлық-зомбылығына тосқауыл

қоюға тырысты. Алайда Қарқаралыда революцияға қарсы көтеріліс болып, сол жылдың қыркүйегінде Нығмет казак әскерлерінің қолына түседі де, Кеңес депутаттарымен бірге 1919 жылдың желтоқсанына дейін түрмеде отырады.

Нығметті жолдастарымен бірге жергілікті революциялық халық түрмеден кеңес әскерлерінің келуінен 10 күн бұрын босатады. Ақ гвардияшылар талқандалып, өлкеде қайтадан Кеңес өкіметі орнғаннан кейін ол қайта кеңес қызметіне оралады.

Нығмет азамат соғысы жылдарында әскери-революциялық отряд құрып, ақ гвардияшыларға қарсы күреске шығады. Ол 1919 жылы Қарқаралыда құрылған уездік әскери-революциялық комитеттің мүшесі, кейіннен Семей губерниялық әскери-революциялық комитеттің хатшысы болады.

1920 жылдың наурызында Н. Нұрмақов партия қатарына қабылданады. Ол аса күрделі саяси хал-ахуал жағдайында казак халқының басына төнген ауыртпалықты сейілту ісі большевизм жолын таңдауға байланысты деп ұқты. С. Сейфуллинге жазған хатында “халықты теңдік пен бостандыққа жеткізетін большевиктер партиясы екендігіне көзі жететіндігін” айтып, партияға кіруге шешім қабылдағанын білдірген.

1920 жылы 26 тамызда Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті мен РКФСР ХКК-нің “Автономиялы қырғыз (казак) Социалистік Кеңестік Республикасын құру туралы” В.И. Ленин мен М.И. Калинин қол қойған декреті қабылданды. Нығмет Орынборда өткен Кеңестердің Бүкілказакстандық I құрылтай съезіне шақырылып, онда Орталық Атқару Комитетіне мүше болып сайланады. Ол осы жылдан бастап әр түрлі саяси жауапты қызметтерді атқарады.

1922 жылы Нығмет РКП(б) қырғыз (казак.— С.С.) облыстық комитетінің пленумында облыстық

партия комитетінің президиумының мүшелігіне кандидат, ал 1923 жылдың наурызында облыстық партия комитетінің президиум мүшесі болып сайланды. Ол 1923 жылы қазанда өткен пленумында РКП(б) қырғыз облыстық комитетінің кеңейтілген пленумында партияның XI съезінің жұмыс қорытындылары туралы баяндама жасайды.

Н. Нұрмақов қазақ мәдениетінің өрлеуіне, қазақтың мәдени мұрасының ұрпақтың рухани қазынасына айналуына көп үлес қосты. Ол Қызылордадағы қазақ театрының ашылуына, әйгілі әнші Әміре Қашаубаевтың Парижге баруына қол ұшын берген. Сондай-ақ, ән-күйлерін жинауға Семейге келген А. Затаевичке де көп көмегін тигізеді. А. Затаевичтің “1000 ән-күйлері” атты еңбегінің басылып шығуына қажетті барлық жағдайларды жасап, оны қаржымен қамтамасыз етуге арнайы нұсқау берген.

Нығмет 1922 жылдың 17 қазанынан Республикалық Жоғарғы Трибуналдың төрағалық, ал 1923 жылдың ақпанынан 1924 жылдың қыркүйегіне дейін Қазақ Автономиялық республикасының Бас прокуроры және юстиция, заң халық комиссары міндеттерін атқарады. Негізінде сот-тергеу орындарына білікті маманданған қызметкерлер қажет еді. Нығмет барлық жағынан осы талапқа сай келді. Ол қазақ жастарының заң саласында білім алып, өз істерінің маманы болуында және қызметке орналасуларына көмегін аяған жоқ.

Заң саласында жүріп Нығмет сот ісіндегі қайшылықтарды, қиыншылықтарды жоюға, кейбір әділетсіз түрде жазаланған азаматтардың ақталуына ықпал жасайды. Мәселен, үкімет тарапынан “ұлтшыл буржуазия” өкіліне жатқызылып, қудалана бастаған қазақ зиялыларының бірі Жүсіпбек Аймауытовтың үстінен қылмыстық іс қозғалған кезде, Н. Нұрмақов сот процесінде оның ақтығын дәлелдеп қорғаған-

дардың бірі болды. Алайда Ж. Аймауытов 1929 жылы 20 мамырда Қазақстандағы “ұлтшылдық ұйыммен байланысы бар” деген сылтаумен тұтқынға алынып, оның үстінен қылмыстық іс қозғалып, Біріккен Саяси Басқарма (ОГПУ) шешімі бойынша 1930 жылы 4 сәуір күні оған ату жазасы кесілді.

Н. Нұрмақов халқымыздың ана тілін көтеру, тіл мәртебесін биіктету жолында қыруар жұмыстар жүргізді. Ол сот ісінің ана тілінде жүруін талап етті. Соның нәтижесінде көптеген аудандарда тергеу және сот істері қазақ тілінде жүргізілді. Ол жоғарғы орындардан губерниялық сот бөлімшелерін қысқартпауын және заң саласындағы қызметкерлердің жа-лақысын көбейтуді 1924 жылдың 11-18 қаңтар айында Орынборда өткен бірінші республикалық прокурорлар кеңесінде жасаған есепті баяндамасында ашық айтады.

Партиялық және мемлекеттік жұмыстың қай саласында жүрсе де Н. Нұрмақов барлық күш-жігерін, ұйымдастырушылық дарыны мен білімін жаңа құрылыс ісіне жұмсайды. Ол қырғыз (қазақ) облыстық комитетінің үгіт және насихат бөлімінің меңгерушілігін атқарған кездерде өз елінің саяси мәдениетін көркейтуге үлкен үлесін қосты. Нығмет РКП(б) Қазақстан Аймақтық Комитетінің органы болған “Қызыл Қазақстан” журналының кезекті редакторы да болады және осы журналға бірнеше мақаласын жариялады.

1923 жылы Мәскеуде ұлттық республикалар мен облыстардың жауапты қызметкерлерінің қатысуымен өткен РКП (б) Орталық Комитетінің кеңесінде ұлтшылдық бағыт ұстанушылар айыпталып, М. Сұлтанғалиев пен Т. Рысқұлов саяси сынның соққысында қалды. 1923 жылдың 17-22 наурыз аралығында Орынборда өткен қазақ партия ұйымы ІІІ конференциясы өтіп, онда РКП (б) Орталық Комитетінің өкілі Е.М. Ярославский мен РКП(б) қазақ Бюро-

сының мүшесі А.И. Вайнштейн баяндама жасап, Қазақстандағы “ұлтшылдықтың”, “жікшілдік” шығу көздеріне тоқталып, бұл ағымдарды тудырған жәйттерді сынға алады. Олардың “ұлтшыл” деп үкімет билігінде жүрген қазақтарды айыптаулары С. Мендешов, А. Асылбеков, С. Сейфуллин, С. Сәдуақасов, Н. Нұрмақов, Ы. Мұстамбаев және тағы басқа зиялылардың наразылығын туғызды. Олар конференцияда айтыс тудырған қазақ зиялыларын “ұлтшыл” деп негізсіз айыптаудың қателігін айтып, Е.М. Ярославскийге 14 адам қол қойған наразылық хаттарын жолдайды. Қазақ зиялылары И. Сталиннің ұлт саясатындағы позициясын да сынға алады.

1924 жылы 5-10 қаңтар аралығында Кеңестердің бүкілқазақстандық IV съезі болып, онда Жетісу және Сырдария облыстарындағы қазақ аудандарын қосып, яғни Орта Азияның ұлттық территориясын межелеу мәселесі қарастырылған болатын. Сәуір айында РКП(б) ОК Ортаазиялық бюросы мен Түркістан Компартиясы ОК-інің біріккен мәжілісі өтіп, онда Орта Азияда межелеуді дайындау және өткізу мәселесіне қатысты арнайы комиссия құру туралы шешім қабылдайды. 1924 жылы 25 қыркүйекте межелеу ісіне қатысты РКП(б) ОК Саяси бюросының мәжілісі өтіп, оған Нығмет Нұрмақов қырғыз (қазақ) облыстық комитетінің өкілі ретінде қатысады. Ал 1925 жылы Қазақстан коммунистерінің V өлкелік конференциясында “Орта Азия республикаларының мемлекеттік-ұлттық бөлінуі және Қазақстанның дау перспективалары” атты баяндама жасап, бірнеше ұсыныстар айтады. Бұл кезде ол БКП(б) қырғыз (қазақ) облыстық комитетінің бөлім меңгерушісі қызметін атқарып жүрген еді.

1924 жылдың қыркүйегінен 1929 жылдың сәуір аралығында Нығмет Нұрмақов Қазақ АКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағалық қызметін атқарады. Ол Қазақстанның бірінші Конституциясының

жобасын жасауға, сондай-ақ шығыс халықтарының алфавитін құруға қатысады. Шығыс халықтарының алфавитін құруға арналған Бүкілодақтық комиссияның мүшесі және қазақ алфавитін құрастыру комитетінің төрағасы болады. Бұл комитет құрамында К. Тоқтабаев, О. Жандосов, Ә. Байділдин, Ә. Ермеков, Ғ. Тоғжанов, Т. Шонанов, Орманбаев, Б. Малдыбаевтар болған. Комитет қазақ алфавитінің қажеттілігі турасында пікірталас өткізіп, оның қорытындыларын 5 баспа табақтық қазақ тіліндегі екі кітапта жариялайды. Н. Нұрмақов 2 айлық жаңа алфавиттің әрібін терушілер курсына ашуға және бұл курстың үздіксіз адамдарды қабылдауын қадағалады. Сондай-ақ, Ақтөбе, Орал-Бөкей губернияларында жаңа алфавиттің маңыздылығын насихаттайтын губерниялық комитет құруға және барлық істерді қазақ тілінде жүргізілуіне ұйытқы болады.

Н. Нұрмақов Қазақстанның астанасын Орынбордан Қызылордаға көшіруде қыруар жұмыстар жүргізді. Ол Қазақстанның астанасын Қызылордаға көшірудің маңыздылығын V өлкелік конференциясында жасаған баяндамасында айқындап берді.

1925 жылы Қазақстан өлкелік партия комитетінің хатшылығына Ф.И. Голощекин тағайындалды. Голощекин қазақ ауылын революциялық негізде құруға, яғни кенестендіруге тырысты. Ол 1925 жылдың 1 желтоқсанында өткен Бүкілқазақстандық V конференцияда “ауылда кеңес үкіметі жоқ” деген мәлімдеме жасаған болатын. Сөйтіп, “Кіші Қазан” деп аталатын қазақ халқына теріс бағытын жүзеге асыруды қолға алды. Ол “сұлтановшыл”, “рысқұловшыл”, “сәдуақасовшыл”, “қожановшыл” және т.б. деп жікке бөлінудің, оларға қарсы шыққан оппозицияның басшысы ретінде дем берушісі мен ұйымдастырушылардың бірі де болды. “Ұлтшылдыққа”, “топшылдыққа”, “жікшілдікке” қарсы күресін үдетіп, олардың қатарына С. Мендешов, Т. Рысқұлов, С. Сейфул-

лин, Н. Нұрмақов және т.б. зиялыларды жатқызып, олардың қылмыстарын әшкерелеуді арнайы тексеру комиссиясына жүктейді. Қазақ зиялыларын бір-біріне айдап салу саясатын да қолданды.

Академик М.Қозыбаев көрсеткендей, кеңестер рөлін кемсітуге қарсы шыққан РКФСР ХКК Төрағасының орынбасары Т.Рысқұловқа, республика Халық комиссарлар Кеңесінің төрағасы Н. Нұрмақовқа, Ы. Мұстамбаевқа және басқаларға Кеңестерді партияға қарсы қойды, партиялық басшылықтан қол үзді деген айыптар тағылды.

1926 жылы қараша-желтоқсан айларында БКП(б) қазақ өлкелік комитетінің шешімімен республика үкіметі Түрксіб құрылысы туралы қаулы қабылдайды. Түрксіб құрылысына қатысты арнайы комиссия құрылып, оның жұмысын басқару Н. Нұрмақовқа жүктеледі. Ол осындай жауапты қызметтерде жүріп ел қамын ойлаған дарынды басшы, іскер ұйымдастырушы екендігін көрсете білді. РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің жанындағы Түрксіб құрылысына жәрдемдесу комитетінің басшысы Т. Рысқұловпен бірлесе отырып, құрылыстың қарқынды жүруіне жағдай жасады.

Нығмет Бүкілқазақтық БКП(б)-ның VI-ыншы партия конференциясында БКП(б) ОК-нің хатшысы А. А. Андреевтің V-інші партия конференциясы қабылдаған жер мәселесі турасындағы шешімді сынға алып, жоққа шығаруына қарсы болды.

1928 жылы БКП(б)-ның XV съезі елімізде ұжымдастыру саясатын іс жүзіне асырудағы тарихи съезд болды. Соның қарсаңында 24-26 қарашада Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің 13 шақыруы бойынша өткен 3 сессиясында Нығмет Нұрмақов қосымша баяндама жасап, Қазақстанның саяси, әлеуметтік-экономикалық, ауылшаруашылық, мәдени жағдайларына тоқталып, елдің көркеюіне қажетті жұмыстарды қарқынды түрде жүргізу қажет-

тігін баса айтады және орталықтың бюрократтық, шовинистік саясатын қатты сынға алады.

Қазақстандағы ауылшаруашылығының кенже қалуына себепші болған жағдайларға да тоқталып, оның бір себебіне 1920-21 жылдардағы болған ашаршылық пен жұтты жатқызады. “Қазақстанның шаруашылығына айрықша апат болып кездесетін жұт, 1920-21 жылдардағы болған ашаршылық Қазақстан елінің шаруашылығын ақсатып кетті. Ауыл шаруашылығы 1917 жылғының 25-30 процентіне түсіп қалды. Мысалға Қазақстанның ең бай деген губерниясы Семейді алайық. Семейде 1917 жылы 5.300 мың мал болған. Осы мал 1922 жылы 2.100 мыңға түскен. Оралда 1917 жылы 3,200 мың мал болса, 1922 жылы 517 мың мал қалған. Семейде егістік жер 1917 жылы 783 мың гектар болса, 1923 жылы 369 мың ғана гектар болған. Оралда 1917 жылы 470 мың гектар егістік болса, 1923 жылы 136 мың гектарға түскен. Басқа губерниялардың жайы да осындай болған. Өнерлі кәсіп ол кезде таза жоққа шығуға жақындады деуге болады”, — дейді.

Қазақстанда 1928 жылғы байларды тәркілеу және жер аудару ісінде шолақ белсенділер “науқан жоспарын асыра орындаймын” деп байлар қатарына орта қазақ шаруаларын жазып жіберу жәйттеріне орын берді. Осындай өрескел қателіктердің етек алып кетпеуіне Н. Нұрмақов тосқауыл қоюға тырысты. Ол аймақтық кәмпеске комиссияларына келеңсіз жәйттерге орын бермеуін талап еткен нұсқауын жіберген.

Қазақстанда Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы болып төрт-бес жыл қызмет атқарған Нығмет Ф. Голощекиннің қуғындауына түсіп, ақыры 1929 жылы Мәскеудегі БКП(б) ОК-і жанындағы марксизм-ленинизм курсына оқуға кетуіне мәжбүр болды. Ол бұл курстың 1931 жылға дейінгі тыңдаушысы болады. Курсты тәмамдағаннан кейін партия

еліне қайтармай, оны Мәскеудегі Орталық аппаратқа қызметке қалдырады.

БОАК-тың Президиумының мүшесі ретінде Н. Нұрмақов Президиум хатшысының орынбасары және БОАК Президиумының екі бөлімінің, яғни ұлттар және есеп-ақпарат бөлімдерінің меңгерушілігіне тағайындалады. Нығмет бұл қызметті 1937 жылдың маусым айына дейін атқарады. Осы қызметтерде жүріп ол Қазақстандағы өнеркәсіп күштерінің даму мәселесіне байланысты істерді Орталық арқылы шешуге көп күш-жігерін жұмсайды.

Н. Нұрмақов РКП(б) қырғыз (қазақ) облыстық комитетінің БКП(б) қазақ өлкелік комитетінің мүшелігіне бірнеше рет сайланады. Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитеті мен РКФСР Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болды.

1931-1933 жылдары қазақ халқының басына түскен ашаршылық зұлматына қарсы күрескен азаматтардың арасынан “ұлтшыл-фашистер”, “жапон тыңшыларын”, “герман сыбайластарын” іздестіру орын алды. Мәселен, Н.Нұрмақов, Т.Рысқұлов, Ұ.Құлымбетов және басқаларға Қазақстанды КСРО-дан бөліп алып, Жапонияның қарамағына бермекші деген айыптар тағылды.

1937-1938 жылдары Сталин және үкімет тарапынан көрсетілген күштеу, зорлық-зомбылық әдістері жүзеге асырылып, сан мыңдаған адамдарды саяси айыптар тағу негізінде қуғындау орын алды. Қазақ зиялыларына негізсіз жала жабу әдетке айналды. Оған қарсы келгендерді “халық жаулары” есебінде жазалау үшін арнайы қылмыстық істер қозғалынды. Оларды халық алдында құбыжық есебінде көрсетуге тырысты.

1937 жылы шілдеде КП(б)К Орталық Комитетінің шешімі бойынша алашордашылар мен “ұлтшыл” әдебиеттерді қолданыстан алу турасында шешім қабылданып, арнайы комиссия құрылып,

оның мүшелігіне Исаев, Қабылов, Мүсірепов, Арыстанов, Гусев, Ибрагимов, Жүргеновтер сайланады. Бұл комиссияға контрреволюциялық сарында жазылған кітаптарды өшкерелеп, оларды сауда, оқу орындарынан және кітапханалардан алып тастау және қолданыстан алынатын тізімдерді КП(б)П Орталық Комитетінің үгіт-насихат бөлімі атынан барлық облыстық, аудандық, қалалық, комитеттерге жіберу мәселесі жүктелінді. Комиссия жұмысының нәтижесінде қолданыстан алынатын қазақ және орыс тілдеріндегі кітаптар мен кітапшалардың тізімі жасалды. Комиссия С.Асфендияров, А.Әбілов, Ә. Байділдин, І.Жансүгіров, Ғ. Тоғжанов, С. Сейфуллин сияқты зиялылардың еңбектерімен бірге Н. Нұрмақовтың “Қазақстан құрылысы”, “Ел қорғау міндеттері”, “Кеңестер Одағының сыртқы жайы және осоваиахим қоғамының міндеті” және тағы басқа кітаптарын қолданыстан алу турасында шешім қабылдайды.

1937-1938 жылдардағы тоталитарлық жүйе қыспағынан зиялыларымыздың тең жартысы қуғын-сүргінге ұшырады. Қазақстанның Т. Рысқұлов, С. Қожанов, Ү. Құлымбетов, О. Исаев, О. Жандосов, Ә. Досов, А. Асылбеков, Ж. Сұлтанбеков, Т. Жүргенов, Ж. Сәдуақасов, Н. Сырғабеков сынды мемлекет және қоғам қайраткерлері “буржуазиялық ұлтшылдар” деген айып тағылып, атылды. Кеңес үкіметіне адал қызмет жасаған Н. Нұрмақов та қара тізімге ілікті. Ол 1937 жылы 3 маусымда Мәскеудегі пәтерінде тұтқынға алынды.

1937 жылдың 27 қыркүйегінде өткен айыптау сотында Нығмет Нұрмақовқа “1921 жылы пантүрікшіл орталықтың басшылық құрамына тартылды, Қазақстанда партияға қарсы зиянкестік әрекеттермен шұғылданды” деген айыптаулар тағылып, құрамында әскери заңгерлер Голяков, Ждан және Кандыбина, Кудрявцев сияқты мүшелердің қол қоюымен ең қатаң “атылсын” деген үкім шығарылады.

Нығметтің туған-туысқандары мен отбасы да қуғын-сүргінге ұшырады. Әкесі Тәукебаев Нұрмақ 1937 жылдың 28 қазанында тұтқындалып, Қарағанды облыстық ішкі істер Халық Комиссар үштігінің 8 қарашадағы сот үкімі бойынша ату жазасына кесіледі. Бұл үкім 18 қарашада орындалады. Бір інісі Құрманғали тұтқындалып, Воркута қаласына жер аударылды, ал кіші інісі Жәмел еңбек армиясына (трудармияға) айдалды. Зайыбы Зуфун Ыбырайқызы Нұрмақова да қуғындалып, 17 жылдай әуелі Бутырка, Карелофин лагерлерінде, одан соң АЛЖИР-де айдауда болды.

Нығмет Нұрмақов 1956 жылдың 11 тамызында КСРО Жоғарғы сотының әскери коллегиясының шешімімен толық ақталды.

Нығмет Нұрмақовтың ақылды және іскер адам болғандығын және оның ешқандай да ұлшылдық және мемлекетке қарсы ой айтпағандығын академик Қаныш Сәтбаев 1956 жылы өзінің түсініктеме хатында баяндаған.

Нығметтің ұлы Ноян 1939 жылға дейін балалар үйінде болып, одан кейін Куйбышев қаласына оқуға жіберіледі. 1941 жылы Қызыл Армия қатарына шақырылып, Ұлы Отан соғысына қатысады. Сталинград, Белград қалалары, Днепр үшін болған шайқастарға, Праганы азат еткендер қатарында болады. Ерліктері үшін орден, медальдармен марапатталады. Әскери училищеде, ал соғыстан соң Алматы ауылшаруашылық институтын бітіріп, Алматыда, Мәскеуде қызмет етеді. Қызы Тамара жетімдер үйінде қайтыс болған.


Нығмет Нұрмақовтың 20-30 жылдар аралығында өте маңызды бірнеше кітаптары мен газет-журнал беттеріне көптеген мақалалары, баяндамалары жарық көрді. Ұсынылып отырған жинаққа оның Қазақстанның экономикалық-әлеуметтік және саяси өміріне арналған бірнеше кітаптары және “Қызыл Қазақстан” журналы мен “Еңбекші қазақ” газетіне жа-

рияланған кейбір мақалалары ғана еніп отыр. Бұл еңбектер сол кездің саяси, экономикалық жағдайына байланысты жазылғандығына қарамастан, оның саяси күресі мен идеяларын ұғынуда маңызы зор. Сонымен қатар, Н. Нұрмақовтың еңбектеріндегі көптеген жәйлар бүгінгі күнге дейін маңыздылығын жоймаған. Қайраткер кейбір танымдық еңбектерін қазақ және орыс тілдерінде жариялаған. Бұл жинаққа енгізілген еңбектері сол түпнұсқалық негізде, сөйлем құрылымдары өзгертілместен берілді.

Н. Нұрмақовтың көптеген еңбектері мен мақалалары Петербор, Мәскеу қалаларындағы кітапханаларда болғандықтан олар бұл жинаққа енгізілмей қалды. Сондықтан Н. Нұрмақовтың еңбектерін жинақтап, оқырман қауымды толықтай таныстыру болашақтың ісі деп ойлаймыз.

*Светлана СМАҒҰЛОВА,
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және
этнология институтының аға ғылыми
қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты.*

КІТАПТАРЫ



КЕҢЕСТЕР ОДАҒЫНЫҢ СЫРТҚЫ ЖАЙЫ ЖӘНЕ ОСОАВИАХИМ ҚОҒАМЫНЫҢ МІНДЕТІ

КЕҢЕСТЕР ОДАҒЫНЫҢ СЫРТҚЫ ЖАЙЫ

Сонғы уақытта жер үстінде болған оқиғалардың ең ірісі Ағылшын мен Кеңестер Одағының арасындағы келісімнің бұзылып, саясат қатынастарының тоқталып отырғаны. Бұл оқиғаға дүние жүзі өте-мөте көңіл бөліп, назарын салып отыр. Себебі, Ағылшын мен Кеңестер Одағы сықылды екі мемлекеттің арасы осы күйінде көпке дейін тұруға мүмкін емес. Ағылшынның кара жүрек үкіметі қатынасты үзумен ғана тоқталмайды. Бүгін болмаса ертең Кеңестер Одағына қарсы, не өзіне айтқанын істеп, айдауына жүретін бір мемлекетті айтақтап салып, соғыс майданын ашады. Осы күнгі заманның түріне карағанда болашақтағы соғыс екі мемлекеттің арасында болып қана қоюы мүмкін емес, келешектегі болғалы тұрған соғыс 1914-інші жылдағы соғыстан күшті, жалпы жер жүзінің соғысы болуы мүмкін. Жер жүзі осы кезде оқ-дәрінің қоймасы тәрізді. Кішкене ұшқын түсіп кетсе, жарылып кеткелі тұр. Ағылшынның жүзі кара ескішілдері Кеңестер Одағымен қатынасты үзіп, дүниенің оқ-дәрі қоймасына шоқ тастап отыр. Адам баласы ағылшын капиталшыларын бастаған ескішілдердің сойқанынан үлкен апатқа ұшырағалы тұр. Міне, бүгін жұрттын Ағылшын мен Кеңестер Одағы арасында болып жатқан оқиғаға көзін тігіп, қарап тұруының себебі осы.